



ӘОЖ 94 «04/15»
ГТАХР 03.09.25
DOI 10.37238/1680-0761.2021.84(4).43

¹Кужабергенова К.И., ²Мырзабаева Б.М.*

^{1,2}М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті,
Орал, Қазақстан

*Корреспондент авторы: bakit_murza82@mail.ru

E-mail: bakit_murza82@mail.ru

ХІ-ХV ҒҒ. БАТЫС ЕУРОПАНЫҢ АГРАРЛЫҚ ДАМУЫ (ФРАНЦИЯ, АНГЛИЯ, ГЕРМАНИЯ, ИТАЛИЯ, ИСПАНИЯ)

Аңдатпа. Бұл мақалада Х-ХV ғғ. арасындағы Батыс Еуропа елдеріндегі тарихи үрдістің негізгі мазмұны болған – феодализм генезисінің даму қарқындары мен ерекшеліктері қарастырылады. Феодализм генезисін қамтамасыз еткен екі процесс: феодалдық типтегі жер иеленушіліктің қалыптасуы және шаруалар басыбайлылығының қалыптасуы зерттеледі. Аталған мақалада салыстырмалы талдау әдісі арқылы ХІ-ХV ғғ. Францияның, Англияның, Германия және Италияның аграрлық қатынастар тарихы зерттеледі. ХІ-ХV ғғ. Батыс Еуропа елдеріндегі ортағасырлық феодалдық қатынастардың алғышарттары, жағдайы, факторлары және даму эволюциясы сарпаталады. Қоғамның әлеуметтік құрылымындағы өзгерістер және тауар-ақша қатынастарының даму факторлары қарастырылады.

Кілт сөздер: Батыс Еуропа; феодализм; жер иеленушілік; шаруалар; басыбайлылық; феодалдық; барщина; тауар-ақша қатынастары; феодалдық иерархия; феодалдық шаруашылық; вассал.

Кіріспе

Тарихшылар Батыс Еуропадағы саны мол әскери қолбасшылардың (лордтардың) арасындағы саяси қарым-қатынасты феодалдық деп сипаттайды. Латын тілінде feudum сөзі ірі қоныс шаруашылығы, феодал немесе феодалдық шаруашылық дегенді білдіреді. Ақсүйек қолбасшылардың міндетіне барлық тараптар құрметпен қарау міндетті ғұрыпқа негізделген әскери қызмет пен жауапкершілік кірді. Биліктің мұндай жүйесі орталық билік бюрократиясына емес, паторн мен клиент, яғни бақуатты әскери тұлға мен әлеуметтік жағдайы төмен адамдар арасындағы қатынасқа негізделеді. Феодализм қатынастардың иерархиясы бар. Вассал өзінен бай қожайынға тәуелді болды. Аукатты қожайын вассалдарына қорған болып қана қоймай, оларға табыс пен мәртебеге кепілдік берді.

Батыс Еуропадағы экономикалық жағдайдың тұрақсыздығына байланысты ақсүйек лордтар вассалдарына феодалдық жер иеліктерінен басқа ештеңе ұсына алған жоқ. Ең ауқатты лордтар – герцогтар мен барлндарға рацарьлар аса қажет болғандықтан, вассалдарына феодалдық жер иеліктерімен қоса, меншігін ұрпақтарына мұра етіп қалдыру құқығын бере алды. Осылайша, феодалдық қатынастар ұрпақтан-ұрпаққа жалғасты. Кейбір вассалдар байып, енді өзіне вассал жинай бастады. Осылайша, феодалдық қатынастардың иерархиясы да кеңейе түсті.

Ақсүйектер әскери күреспен шұғылданса, ауқатты отбасынан шыққан әйелдер де феодалдық қатынасқа барынша араласты. Бір ұрпақтан келесі ұрпаққа жалғасатын жүйеде мұрагердің болуы маңызды еді, сол себепті неке туралы келісімдер жасалды.



Феодалдық байланыстар жер иеленуші байларға ғана қатысты еді, олардың саны Батыс Еуропада көп болмады. Патрон мен клиент арасындағы қарым-қатынастың басқа да формалары, әсіресе жер иелері мен шаруалар арасында басыбайлылық құқық қалыптасты. Шаруа жер өңдеумен шұғылданды, одан түскен табыс – әскерге, қорғандар тұрғызуға және элитаның әжептәуір сән-салтанатпен өмір сүруіне жұмсалды. Шаруалар да жаяу әскер, жұмысшы және қызметші ретінде соғыстарға қатысты [1; б. 382-383].

Зерттеу материалдары мен әдістері

Еуропада феодалдық қатынастардың дамуы екі дүниенің – антикалық құлиеленушілік дүние мен варвар тайпалары қоғамының синтезінен басталады. IV ғасырдың басында герман тектес варвар тайпалары галлдар Рим империясының территориясына басып кіре бастайды. Ол тарихта «халықтардың ұлы қоныс аударуы» деген атау алды.

Міне, осы екі дүниенің бір-бірімен кездесуін батыс және кеңес тарихнамасы қалай түсіндіреді?

Батыс тарихнамасында екі бағыт пайда болды: а) герман теориясы; б) роман теориясы. Герман теориясының өкілдері ортағасырлық Европаның қоғамдық және саяси құрылысы Рим құқығының, мекемелерінің, әлеуметтік институттарының эволюциясы процесінде қалыптасты десе, екіншілері орта ғасыр тарихының басы рим мемлекетін жойған варвар тайпаларының әлеуметтік-саяси құрылысы негізінде салынды дейді (XVIII ғасыр).

Герман теориясының негізін салған граф Анри де Буленвилье «феодалдық құрылыс герман шапқыншылығы негізінде қалыптасты» дейді. Францияда қалыптасқан феодал тобының тегі – осы сырттан келген герман тайпалары, ал жергілікті халық – қаналушы бұқараны қалыптастырды.

Сонымен Буленвилье біріншіден, жаулап алу фактісін мойындайды, екіншіден, феодалдық институттардың пайда болуын варвар тайпаларының қоғамдық-саяси құрылысының дамуымен байланыстырады.

Екінші Роман теориясының негізін салған «үшінші сословие өкілі» аббат Дюбо болды. Дюбо жаулап алу фактісін түгелдей жоққа шығарды, ол орта ғасыр тарихы рим (роман) дәстүрлерінің әлеуметтік, саяси, экономикалық институттарының дамуы негізінде салынды дейді.

1876 жылы француз тарихшысы Фюстель де Куланждың «Общественное учреждение древней Франции» деген еңбегінің I томының шығуына байланысты екі теория арасындағы талас жаңа кезеңге келіп кірді. Ф.де Куланж феодализм генезисінің романдық концепциясын жақтап шықты.

Герман жаулау фактісін жоққа шығарып, герман тайпалары бейбіт түрде келіп рим тұрғындарымен қатар қоныстанды, ал олай болса Батыс Европа феодализмінің негізін кейінгі Рим империясының саяси институттарынан іздеу керек. Рим қоғамдық-саяси институттары таза эволюция барысында феодалдық институттарға айналды.

Екі теория өкілдерінің өзара пікір таласына қарамастан зерттеу әдісі жағынан бір платформада тұрды.

Енді феодализм генезисін материалистік тұрғыдан қалай түсіну керек? «Неміс идеологиясы», «Коммунистік партия манифесі», «Капитал», «Анти-Дюринг» сияқты еңбектерінде К.Маркс пен Ф.Энгельс феодалдық өндіріс тәсіліне терең сипаттама береді. Феодализм теориясының маңызды құрамдас бір бөлігі «феодалдық рента» туралы ілімді В.И.Ленин «Ресейде капитализмнің дамуы», «XIX ғ. Ресейдегі аграрлық мәселе», «1905-1907 жж. тұңғыш орыс революциясындағы социал-демократтардың аграрлық бағдарламасы», «Мемлекет туралы» т.б. еңбектерінде одан әрі дамытты.

К.Маркстің «Хронологические выписки», «Наброски ответа на письмо В.И.Засулич», Ф.Энгельстің «Крестьянская война в Германии», «Марка», «Франкский период», «Отбасының және мемлекеттің шығуы» деген еңбектері ортағасырлық Европадағы өте күрделі процестерді түсінуге мүмкіндік береді.



К.Маркс, Ф.Энгельс, В.И.Ленин феодализм генезисін жаңа өндіріс қатынастарының жаңа әлеуметтік-саяси жүйенің құрылуы деп түсініп, қоғамның екі антогонистік тапқа – феодалдарға және феодалға тәуелді шаруалардың қалыптасуы дейді.

Кеңес тарихнамасында ХХ ғ. 20-30 жж. феодализм генезисін зерттеу өте маңызды мәселе болды. Батыстық тарихнамада әсіресе Альфонс Допштің «вотчиндік капитализм» концепциясын талдауда кеңес медивистерінің үлкен буыны А.Д.Удальцов, Е.А.Косминский, Н.П.Грацианский, С.Д.Сказкин үлкен үлес қосты. Феодализм генезисін зерттеу барысында А.Д.Удальцов (1883-1958жж.) «Из аграрной истории каролингской Фландрии» 1935 жылғы еңбегінде қауым формаларының трансформациясын түсіндерді.

Н.П.Грацианский «Бургундская деревня в X-XII вв.» деген еңбегінде феодализм генезисін зерттеудегі Допш концепциясын талдайды.

Батыс Европадағы феодализмнің пайда болып, дамуын түсінуде А.И.Неусыхиннің «Возникновение зависимого крестьянства как класса раннефеодального общества в Западной Европе в VI-VIII вв.» деген монографиясының маңызы зор. Неусыхин көптеген зерттеу материалдарына сүйене отырып, ерікті қауым мүшелерінің тәуелді шаруаға айналғанын және «Судьбы свободного крестьянства в Германии в VIII-XII вв.» деген монографиясында феодализм процесінің одан әрі қалайша дамығанын түсіндіреді.

Зерттеу нәтижелері

XI ғасырда Франция гүлденген феодализм сатысына енді. Шаруа жағдайында қандай өзгерістер байқалды? X ғасырдан-ақ француз шаруасының негізі бөлігі кіріптарлыққа түсіп, ауыр феодалдық қанауға ұшырады. Шаруалар екі категорияға бөлінді.

I. Сервтер (басыбайлы). Жер иесі сеньерға жер, сот, жеке бас тәуелсіздігінде болды.

А) жеке басы тәуелді шаруа ретінде а) жан басы салығын; б) жеке салығын (totismarigium); в) өлік салығын (мұра салығы); төледі. Өлген адам мұрасы сеньер меншігіне айналатын; г) талья – түрлі-түрлі қосымша салық.

Б) д) Жер участігін мұралық негізде ұстаушы ретінде, серв сеньер жерінде жұмыс жасауға міндетті болды. (аптасына үш күн). Сонымен қатар құрылыс, транспортта жұмыс өтеп, ақшалай рента өтеп отырды.

В) Сот тәуелділігіндегі адам ретінде сеньер сотында сотталып, айыппұл, сый салығын төледі. Сеньерге жол, көпір т.б алым төледі. Серв баналинет деп аталатын салық төледі. Бұл нендей салық еді? Сеньер, астық тартуға, нан пісіруге және жүзім сөгін алуға монополия орнатты. Міне, осы сеньер дирменінде астық тартып, сеньер пешін пайдаланғаны үшін салық төледі. Салық азық-түліктей немесе ақшалай төленді.

II. Вилландар – жеке бастары ерікті, бірақ жер, сот тәуелділігіндегі шаруалар (XIII ғ.). Сауда мен қолөнердің дамуы ақшалай салықтың үлес салмағын өсірді. Шаруа шаруашылығына жасалатын қосымша құн тауарға айналды. Бұл тауарды шаруаның өзі сататын. Міне, осы жағдайда шаруаның шаруашылығы қаламен сауда байланысын нығайтты, сөйтіп қала мен деревня арасында тауар ақша байланысы нығайды. Ал осы тауар ақша байланысында феодал қандай роль атқарды? Феодал ештеңеде сатпайды. Ауыл-шаруашылық өнімін рынокке апарып сатушы тек шаруа ғана болды, ал феодалдар осыдан түскен табысты ақшалай рента формасында алды. Деревняның қаламен шаруа шаруашылығы арқылы байланысуы – XIII-XV ғғ. француз экономикасының басты ерекшелігі [2, б. 237].

XIII ғасырда тәуелді шаруалар бас еркіндіктерін сатып алып, вилланға айнала бастады. Бас еркіндігін сатып алу процесінің бірнеше формалары болды.

Шаруалар ерекше грамоталар негізінде еркіндіктерін сатып алды. Грамоталарда босанудың шарттары, алым мөлшері көрсетілді. Болашақта нендей салықтар төленетіндігі жазылды. Міне осы алым салықтар ценз деп аталады да, ценз төлеп отыратын жеке басы еркін шаруа енді виллан емес, цензитарий деп атала бастады. Сонымен ортағасырлық Францияның аграрлық дамуының бір ерекшелігі байқалады. Ол шаруалардың XIII ғасырдан



бастап еркіндіктерін алуы болатын. Шаруалардың бас еркіндіктерін алуы, ақшалай рентаға көшу, шаруа шаруашылығының экономикалық бірлік ретінде ролінің өсуі, сөз жоқ, прогрессивті жағдайлар болатын, ал осының барлығы жерге феодалдық меншіктің жойылуы ма еді? Жоқ. Бұл өзгерістер феодалдық меншіктің жойылуы да емес, феодалдық қанаудың жұмсаруы да емес.

Ал, шіркеу сеньерлары еркіндік алудың шартын күрделендірді. Төлейтін ақша өте көп болды. Мемлекеттің пайдасына да салық төлеп отырды. Шіркеу десятинасы төленді. Десятина «кіші десятина», «үлкен десятина» болып екіге бөлінді. «Үлкен десятинананы» ауыл шаруашылық өнімінен төленді, ал «кіші десятина» - жүн, азық-түлік ретінде беріліп отырды.

XIV-XV ғғ. жерге феодалдық меншік үстем меншік болып қала берді. Шаруаның үлес жерінен феодал бұрынғысынша рента ала берді. Алайда, XIV ғ. шаруаның өзі отырған жері – цензивасына құқығы артты. Жүйелі тұрғыдан ценз салығын төлеп отырған жағдайда шаруа өз цензивасын тек мұра ретінде қалдырып қоймай, сонымен қатар оны сата да алды. Сеньер бұндай сату акциясына да салық салды. Міне, осы жағдайлар шаруалар арасында жіктеліс процессіне әкеліп, жері аз, немесе жері мүлде жоқ шаруалар жалдамалы еңбекпен айналысты. Сөйтіп, феодалдық сипаттағы (шаруа әрі феодал жерін ұстаушы) жалдамалы еңбектің алғашқы формасы пайда болды.

Ақша рентасының үстем рента формасына айналуы феодалдардың өз шаруашылығын жойды. Алайда, орта дәрежелі шаруалар, рыцарлар ақшаға мұқтаж болып қала берді. Шаруадан алынатын ақша өзгермеді, рыцарлар рента мөлшерін көбейтуге әрекет жасағанмен шаруалар табанды қарсылық көрсетіп отырды. Ал король өз қазынасына келіп түсетін салықтың уақытында төлеуін қадағалап отырды да, қай жағдайда да феодалдарды қолдады [3, б. 138].

XIII-XV ғғ. деревняда село қауымы бекіді. Село қауымы көптеген құқықтарға ие болды. Деревняның ішкі өмірінде үлкен роль атқарды. Феодалдық қанауды күшейтуге қарсы күресте, шаруалар осы қауым – коммунаға сүйеніп, ұйымдасып отырды.

XI ғасырда Англияны Вильгельм Нормандский бастаған француз-норман феодалдары жаулап алады. 1066 жылы Вильгельм 15 мың әскермен Англия жеріне басып кірген болатын. Англо-сак феодалдары өз иеліктерінен айырылды. Жер француз-нормандықтарға берілді. Ағылшын епископтері қуылып, олардың орнына француздар отырды. Жердің 1/7 бөлігі Вильгельмнің өз қолына көшті. Міне, осы норман шапқыншылығы болашақтағы Англияның әлеуметтік экономикалық даму ерекшеліктеріне негіз болды.

Қандай ерекшеліктері?

1. Жаңа феодалдар – барондар жерді корольдың өз қолынан алғандықтан, король маңына тығыз топтаса түсті. Жер үшін барондар король талабы бойынша әскери міндеткерлікті атқарып отырды. Сол сияқты, ағылшын барондары көптеген салық төлеп отырды. Әсіресе, феодалды мұраға алған кезде салық төледі.

2. Феодалдардың өздері мықты король билігінің орнауына мүдделі болды, өйткені бұлар жаулап алушылар. Сөйтіп, Англияда ірі феодалдар – барондар король үкіметінің маңызды тірегіне айналды (ал, Франциядағы король билігінің әлеуметтік базасы–ұсақ, орта дәрежелі феодалдар болатын).

3. Норман шапқыншылығы Англияда феодалдық процестің тез жүруіне әкелді. Феодалдық-басыбайлық қатынас одан әрі дамыды. Ағылшын барондары өз иелігіндегі шаруалардың барлығын өзіне тәуелді деп есептеді. Бұрынғы ағылшын-сак кезіндегі ерікті не жартылай ерікті шаруалар бірден басыбайлы шаруаға айналды. Сөйтіп, шаруалар вилланға (манордың тәуелді ұстанушысы) айналды. Ағылшын шаруалары бұл кезеңді «норман құлдығы» кезеңі деп атаған болатын. Норман жаулауынан кейін Англияда феодалды құрылыс түпкілікті орнап бекіді [4, б. 127].

«Қорқыныш сот кітабы». Англияда феодалдық тәртіптің беки түсуіне 1086 жылы Вильгельм жүргізген жер санағының маңызы болды. Графтық, жергілікті аймақтарға шыққан



король өкілдері борондардың, село старосталарының берген мәліметі бойынша санақ жүргізді. Бұл кітапта король меншігінде, борондар меншігінде, шіркеулік сеньерлар, вассалдар меншігіндегі жер көлемі көрсетілді. Әрбір вотчинадағы (монордағы) гайда (фискальды бірлік) саны, шаруалар категориясы, құлдар саны, егістік, шабындықтар көлемі көрсетілді.

Санақ мынадай екі мақсатты көздеді:

1. Король өз вассалдарының қолындағы жер көлемін, олардың материалдық ресурстары мен табыстарының қандай екенін біліп, осыған сай олардан салық, әскери міндеткерлікті талап етпек болды.

2. Халыққа ақшалай салық салу үшін дәл мәліметтер керек болды, сондықтан санақты халық үлкен күдік, қорқынышпен қарсы алған болатын. Санақ бұрынғы жартылай тәуелді шаруалардың көбін вилландар разрядыне кіргізді, сөйтіп шаруалардың тәуелді шаруаға айналуын тездетті.

XI ғасырда виллан деп (село тұрғыны) жер тәуелділігіндегі, барщина өтейтін тәуелді шаруаны атады (Францияда виллан ерікті шаруа болатын) [5, б. 239].

Норман шапқыншылығынан кейін ағылшын-сакс кезінде қалыптаса бастаған феодалвотчинасы – манор толық қалыптасып шықты. Манор бұрынғы ерікті шаруа қауымдарын өзіне бағындырып, өз шаруашылығын тәуелді шаруалардың барщиналық еңбегі негізінде жүргізді. XI-XII ғғ. манор натуралды-шаруашылық ұйым болды. Манордың бірнеше түрі болды:

1. XI-XII ғғ. манордың үстем түрі – доменнен және виллан жер үлестерінен тұратын түр.

2. Домен жері және де ерікті ұстаушылар жерінен құралған манор.

3. Таза ерікті жер ұстаушылар жерінен құралған манор.

4. Тек қана домен жерінен құралған манор.

«Қорқыныш сот» кітабында шаруалар саны және категориялары көрсетілген. Небәрі 8 мың виллан, 82 бордарилер, 25 мың серв, 12 мың ерікті шаруалар болған.

Енді, осы шаруалардың категорияларына тоқталамыз. Виллан, бордарли, коттари – ағылшын-сакс кезеңіндегі шаруалар категориясы. Норман шапқыншылығына дейін өз тәуелдіктерін жойғандар. Бұлардың өзара айырмашылықтары төлейтін салық мөлшеріне және де ұстап тұрған жер участікінің көлемінде.

1) вилландар – толық үлес жері бар (30 акр), қауымдық жайылымда, көлдікте үлесі бар, лорд пайдасына борщина өтейді, натуралды, ақшалай салық төлейтіндер.

2) бордарилер – үлес жер көлемі (7-10 акрдей) XII ғасырда бұлар вилландармен араласып кетті.

3) коттари (жері аз тәуелді шаруа 2-3 акрдей) лорд шаруашылығында түрлі жұмыстар атқарып күн көреді.

4) тәуелді шаруалардың ішіндегі ең төменде тұратындар – сервтер. Бұлар малай шаруалар жер үлесі, өз шаруашылығы жоқ. XII ғасырдан бастап сервтер вилландар қатарына енді.

5) Сокмен – ағылшын иммунитетімен байланысты шыққан шаруалар категориясы. Ерікті бірақ феодалға сот тәуелділігіндегі адамдар.

6) Ерікті шаруалар – феодалдық процестен тыс қалғандар. Норман жаулауынан кейін саны азайып, құқықтық жағдайы төмендеген шаруалар жойылмады. Деревняда тәуелді шаруалармен қатар (виллан, серв, бордари, коттари) ерікті шаруалардың болуы орта ғасырдағы Англияның аграрлық дамуының ерекшелігі болып табылады. Лордқа ақшалай рента т.б. түрлі салықтар төлеп тұрғанмен жеке басы ерікті адам болып есептелуінде.

XII ғасырдың өн бойында тәуелді шаруалардың түрлі категориялары виллан шаруаларға айналды. XIII ғасырда да ағылшын қоғамының әлеуметтік-экономикалық ұясы



феодалдық вотчина-манор болып қала берді. Манор құрылымы әр алуан болды. XIII ғасырда феодалдық қанауды қамтамасыз ететін ұйым ретінде манор одан әрі бекіді. Қалай бекіді?

XIII ғасырда үлкен роль алған тауар-ақша қатынасына бейімделді. XII ғасырдың аяғында манор өзінің натуралды шаруашылық сипатын жойып, нарықтық байланысқа, тауар-ақша қатынасына тартыла түсті.

Вилландары аз және нарықпен байланысы нашар ұсақ манор иелері ақшалай рентаға көшті. Рентаның натуралды формасының ақша рентасымен ауысуын рентаның коммутациялануы деп аталады. XIII ғасырда ақша рентасы елде кең тараған, үстем рентаға айналды. Ал ақшалай рентаның негізгі рента формасына айналуы шаруалардың еркіндік алуына қолайлы жағдай туғызды. Алайда феодалдар әлі өз домениалдық шаруашылығын, өз егістігін жоймады (Францияда сеньерлар жерлерін тәуелді шаруаға үлестіріп берген болатын).

XIII ғасырда феодалдар біртіндеп вилландар еңбегімен қатар жалдамалы еңбекті пайдалануға көшті. Жалдамалы еңбекшілер кімдер еді? Бұл кезде Англияда жері өте аз шаруалар мен ерікті коттерлер өз еңбегін сатып күн көрген болатын [7, б. 65].

Франциямен салыстырғанда XIII ғасырда Англияда барщиналық-басыбайлық вотчина ауыл шаруашылығында үлкен роль атқарып, ішкі, сыртқы нарықты ауыл шаруашылығының өнімімен қамтамасыз етіп отырды. Сонымен XIII ғасырда ағылшын деревнясында қарама-қарсы екі тенденция байқалды. Бірі – консервативтік тенденция, яғни шаруашылығын барщиналық еңбекке негіздеп жүргізетіндер, екіншісі – прогрессивтік тенденция. Бұл бағыттағылар ақша рентасына көшті, жалдамалы еңбекті пайдаланды, нарықпен байланысын нығайтты, феодал өз егістік көлемін, яғни домен көлемін қысқартып, жерін түрлі шарттармен шаруаларға берді.

Рентаның коммутациялануы XIII ғасырда басталған шаруалардың жіктелу процесін тереңдетті. Саудамен айналысып, әлденген аухатты шаруалар бөлініп шықты. Кейбіреулері бас еркіндіктерін сатып алып отырды. Ал кейбір өз ренталарын өтей алмаған ұсақ, әлсіз шаруалар қожлықтары күйзеліске ұшырады. Ерікті шаруалардың жіктелуі XIII ғасырда бұдан да тез жүрді.

XIII ғасырда тауар-ақша қатынасына рыцарлар тез тартылды. Олар өз помещьелерін ақшалай рентаға көшіріп, кейде жалдамалы еңбекті пайдаланды. Ағылшын рыцарлары әскери сословие ретіндегі сипатын жойып, қатардағы жер иеленушілерге айналды. Ішкі нарықты кенейтуде, ірі феодалдар қысымына қарсы күресте бұлардың мүдделері қала тұрғындары және ерікті шаруа мүдделерімен тоғысып жатты. Міне сондықтан да ағылшын феодал тобы француз дворяндары сияқты томаға-тұйық сословиеге айналмады.

XIV ғасырда ағылшын деревнясында рентаның коммутациялануы одан әрі жүріп, шаруалардың бас еркіндігін алуы процесі тездеді. Тіпті ірі феодалдардың өзі, шаруалардың қарсылығына төтеп бере алмай, өз шаруашылықтарын жаңа жолға түсіруге мәжбүр болады. Ірі феодалдар 1) домен көлемін қысқартты; 2) домен жерін жалға немесе шаруаларға берді. Алайда XIV ғ. барщиналық-басыбайлық типтегі манорлар толық жойылмады.

XV ғасырдың басында ағылшын феодализмі дамудың жаңа сатысына келіп кірді. Ауыл шаруашылығы өндірісінің орталығы түпкілікті түрде доменалдық помещиктік шаруашылықтан – ұсақ тауарлы шаруа шаруашылығына айналып, нығайып, нарықты қамтамасыз ететін басты шаруашылыққа айналды.

XV ғасырдағы ағылшын деревнясындағы маңызды прогрессивті өзгерістің бірі вилландардың негізгі бөлігінің азаттық, еркіндік алуы болды [8, б. 127].

XV ғасырда село тұрғындарының негізгі бөлігі «жеке шаруашылықты жүргізетін ерікті шаруалардан тұрды». Шаруалар юридикалық жағынан екі негізгі категорияға бөлінді.

1. Еркіндік алған, бұрынғы вилландар ұрпағы копигольдерлер деп аталды. (Жерді манориалдық соттың хаттамасы немесе копиясы белгілеген шартпен пайдаланды). Бұл



шаруалардың басы еркін, үлес жерді пайдаланғаны үшін лордка тұрақты ақшалай рента төлейді.

2. Фригольдерлер. Өздері отырған территорияға иелік құқықтары бар шаруалар. Феодалға ақшалай рента төледі.

Феодал тобының өз ішінде де өзгерістер болды. Дворяндар екі топқа бөлінді. 1) ескі дворяндар және 2) жаңа дворяндар. «Ескі дворяндар» дегеніміз өз шаруашылығын барщиналық негізде жүргізіп отырғандар, ал «жаңа дворяндар» елдің эконоикасындағы жаңа, прогрессивті элементтермен байланысты дворяндар. Дворяндардың бұл бөлігі XIII ғасырда орта дәулетті жер иелері – рыцарлардан, бір бөлігі байыған шаруалардан, және капиталын жерге салған қала тұрғындарынан қалыптасты. Бұл топтың рөлі XV ғасырдың екінші жартысында ерекше өсті. Бірақ, «ескі дворяндардың» бір артықшылығы болды. Олар саяси құқығы бар король сарайына жақын топ. Саяси құқықтарын өз байлықтарын өсіру үшін пайдаланды.

Қалалардың қалыптасып дамуына байланысты неміс деревнялары тауар-ақша қатынасына тартыла бастады. Деревняның тауар-ақша қатынасына тартылуы аграрлық құрылыстың сипатын өзгертті. XII-XIII ғасырларда Германияның көптеген аудандарында басыбайлы шаруаның еңбегіне негізделген ескі вотчиналық жүйе ыдырай бастайды. Қалалар өсіп, ауыл-шаруашылық өніміне сұраныс өскен жағдайда герман феодалдары өнімділігі төмен барщиналық еңбектен бас тартып, поместьенің жаңа формасын іздеді.

Барщиналық еңбекке негізделген вотчинаның орнын XIII ғасырда сеньерия ауыстырды. Бұл қандай қожалық? Сенериялық қожалық дегеніміз егістік даласын бірнеше учасоктерге бөліп, меирлерге (вотчинаның басқармалары – ауқатты шаруа) жалға берген қожалық. Шаруалардың жағдайы өзгерді. Неміс шаруалары мұрагерлік негізде жер ұстаушылардан қысқа мерзімді арендаторларға айналды. Ал Франция мен Англияда шаруалар XV ғ. дейін үлес жеріне мұрагерлік құқығын жоймаған болатын.

Феодалдық рентаның формасы өзгерді. Барщина натуралды оброкпен ауысты, арендатор қожайынға өнімнің $\frac{1}{3}$ немесе $\frac{1}{2}$ берді. Сонымен қатар барщина т.б. қосымша салықтар сақталып қалды.

«Таза сеньериялық» шаруашылық Саксония, Вестфалия, Бавария аудандарында тарады. Ал Оңтүстік-батыс, Орталық Германия (Алмания, Франкония, Рейн аудандары) жерінде вотчинаның ескі формасы үстем болып қала берді [2, б. 196].

Шаруалар категориясы.

1. Ақшалай рента – чинш төлейтін ерікті жер ұстаушылар (француз-вилланы, ағылшын фригольдері).

2. Басыбайлы шаруалар. Бұл шаруалар негізінен барщина атқарды. XII-XIII ғғ. ақшалай рентаның кең тарауы шаруалардың еркіндік алуын тездетті. XII-XIII ғғ. неміс шаруаларының жағдайы біркелкі жақсарды. Бірақ тек құқық тұрғысынан алып қарағанда басыбайлықұқықтан босанған шаруалар. Жалға беру қысқа мерзімге жасалды да, әрбір жалға беру актісінде феодал өз қалауынша аренда ақшасын көбейтіп отырды. Бұл шаруалардың бір бөлігін күйзелтсе, бір бөлігін аухаттандыра бастады.

3. Бірнеше шаруа үлес жері (гуфа) бар кейде тұтастай поместьені арендалай алатын ауқатты шаруалар қалыптасты.

4. Жерсіз шаруа жігі қалыптасты. Ал бұл деревняда жаңа әлеуметтік типтің- жалданып жұмыс істейтін шаруалардың шығуының көзі болды. Шаруалардың осылай жіктелуіне карамастан, бұлардың барлығы да феодал қанауына түсті. Қоғамның басты қайшылығы антогонистік екі топ арасындағы қайшылық болып қала берді.

5. XIV ғ. шаруа жағдайында тағы да өзгеріс болды. Егер XII-XIII ғғ. шаруалардың бір бөлігі еркіндік алып, жалпы жағдайлары жақсарса, XIV ғғ. екінші жартысынан бастап Германия феодалдары шаруалардың негізгі бұқарасын басыбайлық жағдайға түсіруге талпынды. Алым-салық түрлері, мөлшері өсті. Феодалдық қанаудың күшеюі елдің әр



ауданында әртүрлі жүріп, әртүрлі нәтижеге ие болды. Бұны «басыбайлық тәртіптің екінші рет басылуы» деп атады [9, б. 315].

X-XI ғғ. Италияда да ірі феодал шаруашылығы қалыптасқан болатын. XI ғасырдың аяғында, әсіресе XII ғасырда ірі феодалдар өз шаруашылықтарының көлемін қысқартып, шаруаларға, ұсақ рыцарлерге либеллярлық жер ұстау құқығы негізінде жалға бере бастады. (жалға 29 жылға беру). XI ғасырда рентаның коммутациялануы басталды да XII ғасырда үстем формаға айналады.

Солтүстік, Орталық Италияда негізінен ақша рентасы мен натуралды оброк кең тарады, ол Альпі тауы маңында, жалпы Италияның таулы аудандарында феодалдық қанаудың басыбайлық формасы сақтала берді. XIII-XV ғғ. Солтүстік және Орталық Италияда басыбайлы шаруалар еркіндік ала бастады. Тауар-ақша қатынасында қалалар үлкен роль атқарды. Қалалардың шаруаларды азат ету саясатының мақсаты болды:

- 1) Шаруалардың еркіндік алуын қолдай отырып, олар феодалдардың экономикалық, саяси жағынан әлсірейтінін түсінді.
- 2) Қала-мемлекеттерде әскери қызмет атқаратындар саны өсті.
- 3) Қаланы енді еркіндік алған шаруа азық-түлікпен жабдықтады, феодал монополиясы жойылды.

Шаруаның еркіндік алуы деген не ?

1. Шаруа феодал юрисдикциясынан шықты.
2. Барлық келісім, шарт, контракттар жойылды.
3. Шаруа жерге иелік құқығынан айырылды.

Міне осы жағдайды еске алу керек. Италия шаруаларының басыбайлы құқықтан босануын Италияда капиталистік өндірістің ерте қалыптасуымен байланыстыруға болады. Капиталистік өндіріс ерте дамыған Италияда басыбайлық қатынас та ерте жойылды. Шаруа жер иелену құқығынан айырылды. Сондықтан да ондай шаруа тез пролетарийге айналып, қалаларда жаңа кожайындарын тапты» [10, б. 67].

Шаруалардың екінші бір бөлігі әртүрлі шартпен жерді арендаға алды. Сөйтіп арендаторға айналды. Тоскана ауданында испольщина тарады (меццадрия). Арендатор өнімнің $\frac{1}{2}$ бөлігін беріп отырды. Арендатор шаруа шарт мерзімі бітпей жерді тастап кете алмады.

Аренданың феодалдық белгілерімен қатар, капиталистік белгілері де болды. Шаруа капиталының бір бөлігін жерге жұмсайды. Испольщина – феодалдық шаруашылықтан капиталистік шаруашылыққа өткізетін өтпелі шаруашылық формасы. Испольщина феодалдық жериеленудің жойылуын тездеткенмен, шаруашылықтың үстем формасы болмады. Мысалы Солтүстік-батыс Италия – Пьемонт, Савойя аудандарында феодалдық шаруашылық сол ескі күйінде сақталып қала берді. Бірақ меццадрия XV ғасырда жойылып, феодалдық шаруашылық күш алды [11, б. 87]. Сөйтіп XV ғасырда феодалдық реакция күшейді.

Қорытынды

IX-XI ғғ. Батыс Еуропа елдерінде феодалдық процесстің аяқталғандығын жоғарыда айтылған қорытындылардан көреміз. Әрине, Франция, Германия, Италия елдеріндегі тарихи үрдістің өзіне тән ерекшеліктері болды. Францияда феодализация процесі IX ғасырда аяқталса, Германия, Италия елдерінде бұл процесс X-XI ғғ. қамтыды.

ӘДЕБИЕТ

[1] Данн Росс Е. Дүние жүзі тарихы / Е.Данн Росс// – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2019. – 352 бет.

[2] Карпова С.П. История средних веков: учебник / С.П.Карпова// - Т.1.– Москва: Высшая школа, 2011. – 495 стр.



- [3] Жумагулов К.Т. Проблемы истории германских племен (с древнейших времен до начала средних веков): монография / К.Т. Жумагулов// – Алматы: Фолиант, 2014. – 268 стр.
- [4] Жумагулов К.Т. Древнегерманское общество: проблемы и концепции / К.Т.Жумагулов// - Алматы: «Дәуір», 2003. – 294 стр.
- [5] Жұмағұлов Қ.Т.Орта ғасырлар тарихы: оқу құралы / Қ.Т.Жұмағұлов, Р.С.Мырзабекова // – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 350 бет.
- [6] Мырзабекова Р.С. Кейінгі орта ғасырлар тарихы және капитализм генезисі мәселелері. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 279 бет.
- [7] Удальцов А.Д. Из аграрной истории каролингской Фландрии: учебное пособие / А.Д.Удальцов// - Москва: ОГИЗ, 1935. – 99 стр.
- [8] Грацианский Н.П. Бургундская деревня в X-XII вв.: монография / Н.П.Грацианский// – Москва: ОГИЗ, 1935. – 256 стр.
- [9] Неусыхин А.И. Возникновение зависимого крестьянства как класса раннефеодального общества в Западной Европе в VI-VIII вв.: учебник/ А.И.Неусыхин// – Москва: АН СССР, 1956. – 420 стр.
- [10] Корсунский А.Р. Возникновение феодальных отношений в Западной Европе: учебно-методическое пособие / А.Р.Корсунский// – Москва: МГУ, 1979. – 112 стр.
- [11] Боранбаева Б.С. Орта ғасырлар тарихы (V ғ. екінші жартысы – XVII ғ. ортасы): оқу құралы / Б.С.Боранбаева// – Астана: Фолиант, 2013. – 256 бет.

REFERENCES

- [1] Dann Ross E. (2019) Dыnie zhyzi tarihy [The World History] Almaty: National Bureau of Translations [in Kazakh].
- [2] Karpova, S.P. (2011) Istorija srednih vekov: uchebnik [History of the Middle Ages]. Moskva: Vysshaja shkola [in Russian].
- [3] Zhumagulov, K.T. (2014) Problemy istorii germanskikh plemen (s drevnejshih vremen do nachala srednih vekov) [Problems of the history of Germanic tribes (from ancient times to the beginning of the Middle Ages)]. Almaty: Foliant [in Russian].
- [4] Zhumagulov, K.T. (2003) Drevnegermanskoe obshhestvo: problemy i koncepcii [Ancient Germanic society: problems and concepts]. Almaty: «Dәuir» [in Russian].
- [5] Zhumagulov, K.T.(2014) Orta gasyrlar tarihy: oqu quraly [History of the Middle Ages]. Almaty: Qazaq universiteti [in Kazakh].
- [6]Myrzabekova, R.S. (2003). Kejingi orta gasyrlar tarihy zhane kapitalizm genezisi maseleleri [History of the Late Middle Ages and problems of the Genesis of Capitalism]. Almaty: Qazaq universiteti [in Kazakh].
- [7] Udal'sov, A.D. (1935) Iz agrarnoj istorii karolingskoj Flandrii [From the agrarian history of Carolingian Flanders]. Moskva: OGIZ [in Russian].
- [8] Gracianskij, N.P. (1935) Burgundskaja derevnja v X-XII vv. [Burgundy village in the X-XII centuries]. Moskva: OGIZ [in Russian].
- [9] Neusyhin, A.I. (1956). Vozniknovenie zavisimogo krest'janstva kak klassa rannefeodal'nogo obshhestva v Zapadnoj Evrope v VI-VIII vv.: uchebnik [The emergence of the dependent peasantry as a class of early feudal society in Western Europe in the 6th-8th centuries]. Moskva: AN SSSR [in Russian].
- [10] Korsunskij, A.R. (1979) Vozniknovenie feodal'nyh otnoshenij v Zapadnoj Evrope: uchebno-metodicheskoe posobie [The emergence of feudal relations in Western Europe]. Moskva: MGU [in Russian].
- [11] Boranbaeva, B.S. (2013) Orta gasyrlar tarihy (V g. ekinshi zhartyсы – XVII g. ortasy) [History of the Middle Ages]. Astana: Foliant [in Kazakh].



Кужабергенова Х.И., Мырзабаева Б.М.
**АГРАРНОЕ РАЗВИТИЕ ЗАПАДНОЙ ЕВРОПЫ В XI-XV ВВ. (ФРАНЦИЯ,
АНГЛИЯ, ГЕРМАНИЯ, ИТАЛИЯ, ИСПАНИЯ)**

Аннотация. На втором этапе развития феодализма завершается процесс формирования феодальных отношений, и все структуры феодального общества достигают наиболее полного расцвета. Главной отраслью экономики западноевропейских стран в период классического Средневековья, как и раньше, было сельское хозяйство. Поэтому, изучая исторический процесс развития феодальных отношений необходимо анализировать развитие и трансформационных изменений в аграрной сфере в Западной Европе. В данной статье методом сравнительного анализа изучается история аграрных отношений Франции, Англии, Германии и Италии в XI-XV вв. Анализируются условия, факторы и эволюции феодальных отношений западноевропейских стран в XI-XV вв. Рассматриваются изменения социальной структуры общества и факторы эволюции товарно-денежных отношений.

Ключевые слова: Западная Европа; феодализм; землевладение; крестьяне; крепостной; феодал; барщина; товарно-денежные отношения; феодальная иерархия; феодальное хозяйство; вассал.

Kuzhabergenova Kamida, Myrzabayeva Bakytgul
AGRARIAN DEVELOPMENT OF WESTERN EUROPE IN XI-XV CENTURIES
(FRANCE, ENGLAND, GERMANY, ITALY, SPAIN).

Annotation. At the second stage of the development of feudalism, the process of the formation of feudal relations is completed, and all structures of feudal society reach their fullest dawn. The main branch of the economy of Western European countries during the classical Middle Ages, as before, was agriculture. Therefore, studying the historical process of the development of feudal relations, it is necessary to analyze the development and transformational changes in the agrarian sphere in Western Europe. In this article, by the method of comparative analysis, the history of the agrarian relations of France, England, Germany and Italy in the XI-XV centuries is studied. The conditions, factors and evolution of feudal relations of Western European countries in the XI-XV centuries are analyzed. Changes in the social structure of society and factors in the evolution of commodity-money relations are considered.

Keywords: Western Europe; feudalism; land tenure; peasants; serf; feud; corvee; commodity-money relations; feudal hierarchy; feudal economy; vassal.